Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК

# 2022 жылғы қараша айына
# АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



АСТАНА 2022

# Мазмұны

Алғы сөз........................................................................................................................................... 4

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге
сәйкес қараша айының қысқаша климаттық сипаттамасы …........................................................... 5

Қараша айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын
мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте)........................................................................................... 6

2022 жылдың қараша айында күтілетін орташа
айлық температурасының мөлшерден ауытқуы.................……...…………............................. 7

Қараша айында көпжылдық орташа айлық
ауа температурасы (норма) ……….……………….............………………..…..................... 7

2022 жылдың қараша айында күтілетін
жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы ………………………….......................... 8

Қараша айындағы жауын-шашынның көпжылдық
орташа айлық мөлшері (норма) …………….………………………..……............................. 8

2022 жылы Қазақстан аймақтары бойынша қараша айында
күтілетін орташа ауа температурасы …....…………………………………………................. 9

Ауа райының облыстар бойынша графигі ……......………………………………….................. 10

2022 жылдың қараша айына облыстар бойынша консультативтік
ауа райы болжамы ……………………....……………………………...…………………….. 12

Батыс Қазақстан облысы ….………………………………………………......................... 12

Атырау облысы ……………………….......................................................................... 13

Маңғыстау облысы ...…………………………………………………………………….. 14

Ақтөбе облысы ……………………………………………………….............................. 15

Қостанай облысы ………………...……………...…………………………........................... 16

Солтүстік Қазақстан облысы………………………………………………......................... 17

Ақмола облысы ……….....……………………………………………………………….... 18

Павлодар облысы ……………………………………………............................................. 19

Ұлытау облысы …………………………....................................................................... 20

Қарағанды облысы ...………………………………………………………………….. 21

Абай облысы ...…………………………………………………………………………... 22

Шығыс Қазақстан облысы ..……………...…………………………………………… 23

Қызылорда облысы ..……………………………………………………......................... 24

Түркістан облысы ……………………...……………………………………………… 25

Жамбыл облысы …………………………….……........................................................ 26

Алматы облысы ...…………………………………………………………………….... 27

Жетісу облысы ...………………………………………………………………………… 28

## Алғы сөз

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ($\pm 5^0C$) мүмкін екеніне ескеру қажет.* ***Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.***

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекен-жайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Астана қ. Мәнгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры және редактор
М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.
Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы
Ж. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.
Құрастырушылар:
АРҰМББ жетекші инженер-синоптик М. Сакимова
Аударған АРҰМББ жетекші категориялы техник А. Алданазар
тел.: (7172) 79-83-95

## Қазақстан аумағы бойынша қараша айының көпжылдық деректері бойынша қысқаша климаттық сипаттамасы

Қараша - қыс алдындағы маусымның бірінші айы. Қазаннан қарашаға дейін ауа температурасының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Республика аумағының басым бөлігінде ол 7-10°-қа, ал қиыр солтүстік-шығыста 12-14°-қа төмендейді.

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның оңтүстік аймақтарында +1+6°С, ал қалған аумақта -8°С дейін теріс болып қалады. Кейбір жылдары орташа айлық ауа температурасы кең ауқымда өзгеруі мүмкін. Өте суық жылдары нормадан 10-11°, ал оңтүстік облыстарда 6-9° төмен болуы мүмкін. Өте жылы жылдары нормадан 5-9°есе жоғары.

Республиканың солтүстігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 0° жоғары тәулік саны 4-5 тәулікті, оңтүстік облыстарда 15-20 тәулікті құрайды. Ауаның орташа тәуліктік температурасының ауысуы -5°С арқылы солтүстік облыстарда бірінші онкүндікте, -10°С арқылы үшінші онкүндікте байқалады. Ауа температурасының абсолютті минимумы республиканың солтүстігінде, орталығында, шығысында және оңтүстік-шығысында -38-49°С, қиыр шығыста -50°С, батысында және оңтүстігінде -29-39°С дейін жетуі мүмкін.

Ауа температурасының абсолютті максимумы солтүстік және шығыс облыстарда +14+24°С, оңтүстік-шығыста +26+29°С, оңтүстікте +28+32°С жетуі мүмкін.

Қазаннан қарашаға дейін республиканың солтүстігінде, сондай-ақ шығыс пен оңтүстік-шығыстың таулы және тау бөктеріндегі аудандарында айлық жауын-шашын азаяды, ал қалған аумақта, керісінше, көбейеді.

Жауын-шашынның ең аз мөлшері 7-10 мм республиканың оңтүстігіндегі шөлдер аймағында түседі, ең көп мөлшері 40-50 мм, жекелеген аудандарда 52-126 мм Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы мен шығысының таулы және тау бөктерлі аудандарында байқалады, қалған аумақта жауын-шашын мөлшері 12-ден 35 мм-ге дейін бөлінеді.

Қараша айында жауын-шашын жаңбыр түрінде де, қар түрінде де түседі. Республиканың солтүстігінде жаңбыр жауатын тәулік саны орта есеппен 2-3 тәулікті құрайды, ең көбі - 7-10 тәулік. Қазақстанның оңтүстігінде қармен тәуліктің орташа саны 1-2 тәулікті, жекелеген жылдары 6-8 тәулікті құрайды.

Жауын-шашын мөлшері 0,1 мм-ден асатын тәуліктің жалпы саны құрғақ жылдары 1 - ден 5 тәулікке дейін, ал артық ылғалдылығы бар жылдары - солтүстігінде 20-дан 22 тәулікке дейін және республиканың оңтүстігінде 12-ден 15 тәулікке дейін ауытқиды.

Тәулігіне 20 мм-ден астам жауын-шашын 25-30 жылда 1 рет, 10 жылда 2-4 реттен жиі байқалады, осынай жауын-шашын елдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының таулары мен тау бөктеріне түседі.

Қараша айында қар жамылғысы пайда болады және орнатылады. Солтүстік және шығыс облыстарда қар жамылғысының орнатылуының орташа күні қарашаның ортасына, Қазақстанның орталық бөлігінде айдың екінші жартысына келеді. Алайда, кейбір жылдары солтүстікте тұрақты қар

жамылғысы 09-12 қазаннан әлдеқайда ертерек пайда болады, бірақ оның 01-02 Қаңтарда өте кеш құрылу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Оңтүстік облыстарда тұрақты қар жамылғысын орнатудың ең ерте мерзімі -11-23 қараша.

Республиканың солтүстік және шығыс облыстарындағы қар жамылғысының биіктігі 5-10 см-ге жетеді, кейбір жылдары қардың биіктігі 40 см-ге жетуі мүмкін.

Қараша айында желдің күшеюі байқалады, бұл боранның пайда болуына ықпал етеді. Солтүстік облыстарда қарлы боранмен тәуліктің орташа саны 3-7 күнді, ал жекелеген жылдары 13-18 күнді құрауы мүмкін, бірақ олардың толық болмауымен жылдар да болады. Боранның оңтүстік аймақтарында құбылыс сирек кездеседі, 10 жылда орта есеппен 1-2 жағдай.

Қазақстан аумағында тұманмен тәулік саны орта есеппен 2-6 тәулікті құрайды, таулы аудандарда тұман жиі - айына 8 тәулікке дейін пайда болады.

Найзағай - бұл оңтүстік үшін де сирек кездесетін құбылыс, 10 жылда 1-2 рет. Республиканың оңтүстігінде бұршақтың жаууы 25 жылда 1 рет байқалады.

# Қазақстан аумағы бойынша қараша айында күтілетін ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық мөлшерінің орташа көпжылдық мәндері
# (норма 1991-2020 жж.)

| Облыс | Ауа температурасы, °С | Жауын-шашын мөлшері, мм |
|---|---|---|
| Батыс Қазақстан облысы | -2,3...+0,6 | 15...28 |
| Атырау облысы | -1,1...+2,0 | 10...18 |
| Маңғыстау облысы | +0,8...+6,3 | 10...22 |
| Ақтөбе облысы | -0,8...-4,7 | 15...33 |
| Қостанай облысы | -3,1...-6,3 | 12...26 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | -5,9...-6,8 | 21...36 |
| Ақмола облысы | -5,2...-7,1 | 21...33 |
| Павлодар облысы | -4,9...-6,8 | 16...23 |
| Ұлытау облысы | -1,6…-4,6 | 13…25 |
| Қарағанды облысы | -1,9...-7,0 | 9...34 |
| Абай облысы | -2,0...-6,7 | 15...65 |
| Шығыс Қазақстан облысы | -3,0…-7,8 | 20…51 |
| Қызылорда облысы | -0,6…+3,4 | 12…18 |
| Түркістан облысы | +0,6…+6,5 | 28…81 |
| Жамбыл облысы | +0,2...+3,6 | 13...49 |
| Алматы облысы | -5,3...+3,0 | 15...67 |
| Жетісу облысы | -5,2…+2,8 | 11…75 |

## 2022 жылдың қараша айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы

**Қараша** айында ауаның орташа айлық температурасы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында *нормаға жуық* болады деп күтілуде.

**2022 жылдың қараша айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы**




**Қараша айында ауа температурасының көпжылдық орташа айлық мәндер (норма 1991-2020жж.)**



# 2022 жылдың қараша айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы

**Қараша** айында жауын-шашын мөлшері республика аумағының басым бөлігінде *нормадан аз*, Павлодар, Абай, Шығыс Қазақстан, Алматы, Жетісу облыстарында, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының шығыс жартысында, Қарағанды, Жамбыл облыстарының басым бөлігінде және Түркістан облысының оңтүстік жартысында - *нормаға жуық* деп болжанады.

**2022 жылдың қараша айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы**




**Қараша айында жауын-шашынның айлық мөлшерінің орташа көпжылдық мәндері (норма 1991-2020жж.)**



# 2022 жылдың қараша айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының мәндері

Ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде 0,-8°С күтіледі, Маңғыстау, Түркістан, Жамбыл облыстарында, Атырау, Қызылорда, Алматы облыстарының басым бөлігінде, Батыс Қазақстан облысының оңтүстік-батысында, Жетісу облысының батысы мен шығысында 0,+7°С болады деп болжанады.

**2022 жылдың қараша айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының мәндері**




**2020 жылға ұқсас**

# 2022 жылдың қараша айына Қазақстан облыстары бойынша ауа райы кестесі

## Батыс Қазақстан




## Атырау




## Маңғыстау




## Ақтөбе




## Қостанай




## Солтүстік Қазақстан




## Ақмола




## Павлодар




## Ұлытау




## Қарағанды



**Абай**



**Шығыс Қазақстан**



**Қызылорда**



**Түркестан**



**Жамбыл**



**Алматы**



**Жетісу**



**Шартты белгілер:**

- кей жерлерде жауын-шашын
- аздаған жауын-шашын
- қар аралас жаңбыр
- ылғалыды нөсерлі ж
- нөсерлі жаңбыр
- шаңды дауыл
- көк тайғақ
- тұман
- бұрқасын
- қар
- нөсерлі қар
- жаңбыр
- найзағай
- Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейюі
- бұршақ
- дауыл
- көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы
- түнгі ауа температурасының барысы
- күндізгі ауа температурасының барысы
- ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы

# 2022 жылғы қараша айына Қазақстанның облыстары бойынша консультативтік ауа райы болжамы

## Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -2+0,8°С болады деп күтілуде, бұл *нормаға жуық* (норма: -2,3+0,6°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +3+8°С-тан 0,-5°С-қа дейін, *күндіз* +12+17°С-тан 0,+5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +8°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* 0,-5°С-тан -12-17°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -20°С, *күндіз* 0,+5°С-тан -2-7°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +8°С-тан +3°С-қа дейін әрі қарай төмендейді.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* -1-6°С-қа, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* -7-12°С-қа, *күндіз* -2-7°С-қа дейін төмендейді.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болады (норма: 15-28 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, қар - екінші онкүндіктің басында, көбінесе үшінші онкүндікте күтіледі. Тұман айдың басында және соңында болжанады. Көктайғақ екінші онкүндіктің басында және ортасында болуы мүмкін. Жаяу бұрқасын - үшінші онкүндіктің басында. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -1,1+2,3°С болады деп күтілуде, бұл *нормаға жуық* (норма: -1,1+2,0°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +5+10°С-тан 0,+5°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -5°С, *күндіз* +15+20°С-тан +7+12°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -7-12°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -15°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-қа, *күндіз* +1+6°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін төмендейді.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 10-18 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, қар - үшінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі. Көктайғақ айдың ортасында, тұман айдың соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



**Маңғыстау облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +1,2+6,7°С болады деп күтілуде, бұл *нормаға жуық* (норма: +0,8 + 6,3°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +5+10°С-тан 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -5°С, *күндіз* +17+22°С-тан +8+13°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -15°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында-ауа температурасының шамалы жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-қа, *күндіз* +1+6°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* +3°С-қа, *күндіз* +9°С-қа дейін одан әрі жоғарылайды. Онкүндіктің соңында - ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* 0°, *күндіз* +5°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашының айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 10-22 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, қар - үшінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі. Тұман айдың ортасында және соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және сонында, екінші онкүндіктің ортасында,  үшінші онкүндіктің басында.



**Актөбе облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы -0,5-4,4°С, бұл *нормаға жуық* (норма: - 1-4,7°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* 0,+5°С-тан 0,-5°С-қа, *күндіз* +12+17°С-тан +2+7°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -12-17°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -20°С-қа, *күндіз* -5-10°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* -7-12°С-қа, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің екінші жартысында - ауа температурасының *түнде* -15-20°С-қа дейін, *күндіз* -7-12°С дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 15-29 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, қар - екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын екінші онкүндіктің басында болжанады. Тұман айдың басында және соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с жиі айдың бірінші жартысында және соңында болады деп күтілуде.



**Костанай облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы -3,4-6,6°С, бұл *нормаға жуық* (норма: - 3,1-6,3°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +3+8°С-тан +8+13°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +13°С-тан +16°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -13-18°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -21°С -қа дейін, *күндіз* +3+8°С-тан-7-12°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында - ауа температурасының *түнде* -8-13°С-қа дейін, *күндіз* -2-7°С-қа дейін жоғарылауы күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -13-18°С-тан -6-11°С-қа дейін, *күндіз* -7-12°С-тан -1-6°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында - ауа температурасының *түнде* -15-20°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* -12°С-қа дейін, *күндіз* -5°С-қа дейін төмендеуі күтілуде.

Жауын-шашының айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп болжанады (норма: 12-26 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) жиі бірінші онкүндікте болжанады, екінші онкүндіктің бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің ортасында қар күтіледі. Тұман айдың басында, ортасында және соңында мүмкін. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Бұрқасын - екінші және үшінші онкүндіктің ортасында. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -6,0-7,0°С, бұл *нормаға жуық* (норма: -5,9-6,8°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан -2-7°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С-тан 0,+5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,+5°С дейін, *күндіз* +8+13°С дейін, облыстың оңтүстігінде +16°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -8°С, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -12-17°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -8°С-тан -20°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-тан -7-12°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін- ауа температурасының *түнде* -7-12°С-қа дейін, *күндіз* -2-7°С-қа дейін жоғарылауы күтілуде .

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -12-17°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -20°С-қа дейін, *күндіз* -7-12°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін - ауа температурасының *түнде* -7-12°С-қа дейін, *күндіз* -2-7°С-қа дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -15-20°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашының айлық мөлшері облыстың батыс жартысында *нормадан аз*, облыстың шығыс жартысында *нормаға жуық* болады деп күтілуде (норма: 21-35 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында болжануда, қар, жаяу бұрқасын – екінші онкүндіктін бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман бірінші, үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында мүмкін. Жел 15-20 м/с көбінесе айдың бірінші жартысында және соңында күтіледі.



## Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -4,9-6,8°С, бұл *нормаға жуық* (норма: -5,2-7,1°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -5-10°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С-тан 0,+5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +7+12°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -5-10°С-тан -13-18°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -21°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-тан -8-13°С-қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін - ауа температурасының *түнде* -7-12°С-қа дейін, *күндіз* -1-6°С-қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* -12-17°С-тан -7-12°С-қа дейін, *күндіз* -6-11°С-тан-1-6°С-қа дейін жоғарылайды. Содан кейін ауа температурасының *түнде* -15-20°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С-қа дейін төмендеуі күтілуде.

Жауын-шашының айлық мөлшері облыстын батыс жартысында *нормадан аз* болады деп болжанады, *нормаға жуық* - облыстың шығыс жартысында (норма: 18-33 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ бірінші онкүндіктің басында және соңында, қар, жаяу бұрқасын - жиі екінші онкүндікте және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -4,7-6,8°С, бұл *нормаға жуық* (норма: - 4,9-6,8°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -3-8°С-қа дейін, *күндіз* +7+12°С-тан 0,+5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін - ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында - ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -12-17°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -22°С-қа дейін, *күндіз* -5-10°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -5-10°С-қа, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -12-17°С-тан, облыстың солтүстігінде -22°С-тан -5-10°С-қа дейін, *күндіз* -5-10°С-тан 0,-5°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашының айлық мөлшері *нормаға жуық* күтіледі (норма: 16-23 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында болжануда, қар - екінші онкүндіктің басында және ортасында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Тұман айдың басында және соңында мүмкін. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында мүмкін. Жаяу бұрқасын - екінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



**Ұлытау облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы -1,3-4,4°С болады деп күтілуде, бұл *нормаға жуық* (норма: -1,6-4,6°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -5-10°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С-тан +1+6°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +16°С-тан +11°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін-ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +6+11°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +16°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан -15-20°С-қа дейін, облыстың орталығы мен шығысында -23°С, *күндіз* +6+11°С-тан -8-13°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде -3°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтілуде. Онкүндіктің соңында-ауа температурасының жоғарылауы болжнады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -7-12°С-тан -12-17°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-тан -5-10°С-қа дейін ауытқуы күтілуде.

Жауын-шашының айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп болжанады (норма: 13-24 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында күтіледі, қар, жаяу бұрқасын - екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Көктайғақ екінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Тұман үшінші онкүндіктің басында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



**Қарағанды облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы -1,6-6,6°С, бұл *нормаға жуық* (норма: - 1,9-7,0°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -5-10°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -8°С-тан -13°С-қа дейін, *күндіз* +6+11°С-тан +1+6°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін - ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа, *күндіз* +8+13°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -17-22°С-қа дейін, облыстың орталығында -25°С, *күндіз* 0,+5°С-тан -10-15°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде -5°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -8-13°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -16°С, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -8-13°С-тан -13-18°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-тан -5-10°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін - ауа температурасының *түнде* -4-9°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -15-20°С-қа дейін, *күндіз* -7-12°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде -2°С-қа дейін төмендейді деп болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормаға жуық күтіледі (норма: 12-35 мм).

Жауын - шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, қар көбінесе екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында, тұман бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жаяу бұрқасын екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



**Абай облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы -2,2-6,9°С, бұл *нормаға жуық* (норма: -2,0-6,7°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -3-8°С-тан, облыстың солтүстігінде -12°С-тан 0,-5°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С-тан, облыстың оңтүстігінде +10°С-тан +10+15°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында-ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -17-22°С-қа, *күндіз* -5-10°С-қа дейін әрі қарай төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -10-15°С-қа, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің ортасында - ауа температурасының *түнде* -15-20°С-қа, *күндіз* -3-8°С-қа дейін төмендеу күтілуде. Содан кейін - ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында – *түнде* -10-15°С-қа, *күндіз* -5-10°С-қа дейін төмендейді.

Жауын-шашының айлық мөлшері нормаға жуық күтіледі (норма: 15-65 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында күтіледі, қар - екінші онкүндіктің ортасында және жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Көктайғақ екінші онкүндіктің басында мүмкін. Бұрқасын айдың ортасында және соңында болжанады. Тұман екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, айдың ортасында және соңында күтіледі.



## Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -3,5-8,0°С күтіледі, бұл *нормаға жуық* (норма**:** -3,0-7,8°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -5-10°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С-тан 0,+5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін – ауа температурасы *түнде* 0,-5°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді деп болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -15-20°С-қа, *күндіз* -7-12°С-қа дейін одан әрі төмендеуі байқалады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -10-15°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейіін төмендейді деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 27-50 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, қар - бірінші онкүндіктің ортасында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында және екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Тұман айдың басында болуы ықтимал. Айдың ортасында және соңында жаяу бұрқасын болады деп болжанады. Жел 15-20 м/с ай ішінде жиі кездеседі.



**Қызылорда облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы -0,2+3,8°С күтіледі, бұл *нормаға жуық* (норма: -0,6+3,4°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* 0,+5°С-тан, облыстың оңтүстігінде -3°С-тан 0,-5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-тан +10+15°С-қа дейін ауытқиды деп болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -1-6°С-тан -10-15°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -18°С-қа дейін, *күндіз* +1+6°С-тан -2-7°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* -2-7°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін жоғарылауы байқалады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -7-12°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін төмендейді деп болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 12-18 мм).

Бірінші онкүндіктің соңында жаңбыр, екінші онкүндіктің бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің ортасында жауын-шашын (жылбысқы қарға ауысатын жаңбыр) күтіледі. Айдың басында шаңды дауыл болады деп болжанады. Көктайғақ айдың ортасында және соңында болса, тұман үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің бірінші жартысында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында кездеседі.



## Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +1,1+7,1°С күтіледі, бұл *нормаға жуық* (норма**:** +1,0+6,5°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +16+21°С-тан +21+26°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -1-6°С-қа, *күндіз* +5+10°С-қа дейін одан әрі төмендеуі жоспарланады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -10-15°С-қа, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -10-15°С-тан 0,-5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-тан +5+10°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +13°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында -13°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормаға жуық*, облыстың солтүстігінде *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 15-55 мм, таулы аудандарда 66-81мм).

Бірінші онкүндіктің соңында жаңбыр, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында және соңында жауын-шашын (жылбысқы қарға ауысатын жаңбыр) болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің ортасында күтілсе, көктайғақ айдың ортасында және соңында болады деп болжануда. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндікте және үшінші онкүндіктің ортасында жиі байқалады.



# Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +0,7+4,1°С күтіледі, бұл *нормаға жуық* (норма**:** +0,2+3,6°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан 0,-5°С-қа, *күндіз* +12+17°С-тан +6+11°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін - ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* +8°С-қа дейін, *күндіз* +23°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +7°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -12-17°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-тан -5-10°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -12-17°С-тан 0,-5°С-қа дейін, *күндіз* -5-10°С-тан +4+9°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +12°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормаға жуық* болады деп күтілуде (норма: 13-49 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында, қар - екінші онкүндіктің екінші жартысында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында көктайғақ болуы мүмкін. Үшінші онкүндіктің басында жаяу бұрқасын болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі.



**Алматы облысы**

Айдағы орташа ауа температурасы -5+3,3°С күтіледі, бұл *норма шамасында* (норма: -5,3+3,0°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан -5-10°С-қа, *күндіз* +13+18°С-тан +8+13°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарда +8°С-тан +5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін – ауа температурасы *түнде* 0,+5°С -қа дейін, *күндіз* +15+20°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында +12°С-қа дейін жоғарылайды деп болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* 0,-5°С-қа дейін, *күндіз* +7+12°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында +4°С-қа дейін төмендейді деп күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* 0,-5°С–тан -12-17°С-қа дейін, *күндіз* +7+12°С-тан -3-8°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында +4°С-тан -11°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -1-6°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +8°С-қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -6-11°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +2°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормаға жуық* болады деп күтілуде (норма: 14-66 мм).

Бірінші онкүндіктің соңында жаңбыр, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында жауын-шашын (жылбысқы қарға ауысатын жаңбыр) күтіледі, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында қар күтілуде. Екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында көктайғақ болжанады. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с жиі ай ішінде күтіледі.



**Жетісу облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы -4,9+3,1°С болады деп күтіледі, бұл *норма шамасында* (норма: -5,2+2,8°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* 0,-5°С -тан -5-10°С-қа, *күндіз* +10+15°С-тан +5+10°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін-ауа температурасы *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +26°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -2-7°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С-қа дейін, таулы аудандарда +2°С-қа дейін төмендейді деп болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылайды.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -5°С-тан -12-17°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында +7°С-тан -1-6°С-қа дейін біртіндеп төмендейді.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -12-17°С-тан 0,-5°С-қа дейін, *күндіз* -1-6°С-тан 0,+5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +8°С-қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +2°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормаға жуық* болады деп күтілуде (норма: 11-75 мм).

Бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктің ортасында жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) күтілуде, қар, жаяу бұрқасын екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында, ал көктайғақ екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с жиі ай ішінде күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Нұр-Султан қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz

Республика Казакстан
г. Нур-Султан
ул. Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz